


Сырымның әңгімелері

Дайындаған: Сағындықова Лаура Еркенқызы

Тақырыптың негізгі сұрақтары/жоспары

- 1. Балтабай Адамбаевтың Сырым батырдың шешендік өнерін зерттеуі
 - 2. Малайсарының және Сырымның сөздерін зерделеу
 - 3. Төле бидің өмірі мен шешендігі
 - 4. Қаз дауысты Қазыбек бидің өмірі
- 

Сырымның шешендік өнері

Сырым Датұлының батырлығы жөнінде орыс зерттеушісі М.Вяткин монография жазды. Балтабай Адамбаев Сырым атына байланысты шешендік сөздерді жинастырып жариялады және кандидаттық диссертация қорғап көп еңбек сіңірді. Қазақ батыры, шешен, билері ішінде Сырым шешен мұрасын жинастыру зерттеу ісі біршама дұрыс жолға қойылған деп айтуға болады.

Осы кітапқа еніп отырған Сырымның шешендік сөздері негізінен Б. Адамбаевтың жинақтарынан алынады.

Олар мына төмендегілер:

Сырым жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, Қараман ана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен.

Балалар аман ба? –депті де, елемей өздері сөйлесе беріпті.

Сырым жолдасына дауыстап:

Жүр кетейік, бұлар бізді адам деп отырған жоқ қой! – дейді.

Малайсары жалт қарап:

Ата тұрып ұл сөйлегеннен без,

Ана тұрып қыз сөйлегеннен без

Сырнайдан сайраған мына бала кім еді?-дейді.

Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені болар,

Ана тұрып қыз сөйлесе, бой жеткені болар – дейді Сырым.

Сен толған екенсің, мен болған екенмін, - деп Малайсары Сырымды қасына шақырған екен.

Сырым Малайсары ауылында

Малайсарының ауылы төменгі Топайлы қаласының аузында екен. Сырым ауылына келгенде қарт азғантай қойының алдында жүр екен.

Аға кім болдыңыз? – деп сұрапты Малайсары:

Шырағым, кім болайық, осы жердегі аз үй Танамыз-дағы, - депті.

Сонда Сырым:

Тананың қайсысысың? Жеті үй Жиенбекпісің? Бес үй Бессарымысың? Тышқан құлақ Асанбысың? Төлеуден алған Құнанбысың? - дегенде,

Малайсары:

Шырағым, Тананың пәленімін деп неғылайын. Танысаң танырсың. Мен де сені танып тұрмын. Даттың аузына шайтан түкірген, бір қу аяқ баласы атқа мінді деп естіп едім. Сен сол бала боларсың?-депті.

Сонда Сырым:

Бәлі, аға, сол балаңыз мен боламын. Ауылдан шыққанда сізді сөзден ұтсам ат мінгізіп, шапан жауып батаңызды алайын деп аттанып ем, ұтылдым, батаңызды беріңіз, атыңыз мына астымдағы атым, шапаным мынау! – деп үстіндегі шапанын шешіп беріпті.

Төле бидің өмірі мен шешендігі



Төле би Әлібекұлы – Ұлы Жүздің биі, қоғам қайраткері, шешен, ақын және Әз Тәукенің тұсында «Жеті жарғы» заңдар жинағын шығаруға үлкен үлесін қосқан адам.

Ол 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданының Жайсаң шатқалында туылған. Бала кезінен өте тапқыр, зерек және ақылды болғаны белгілі. Осы қасиеттерінің арқасында, ауылдастарының құрметіне және сүйіспеншілігіне ие болды. 15 жасынан бастап сот істеріне қатысып, өзінің әділдігімен және шешендігімен халық арасында танымал бола бастады.

Төле би қиын кезеңде өмір сүрген. Аңызға сүйенсек, Жоңғар әскері Ұлы Жүздің аумағына кіріп келгенде, жергілікті тұрғындар баспаналарын қалдырып, қашып кеткен. Тек Төле би ғана өз үйін тастамады. Әскер қолбасшысы одан неліктен қашпадың деп сұрағанда, ол киіз үйдің үстіне ұя салған қарлығашты көрсетіп, құстың тыныштығын бұзғысы келмейтінін айтқан. Бұған таң қалған жоңғарлар, бидің өмірін сақтап қалды. Осы сәттен бастап, адамдар оны «қарлығаш әулие» деп атап кеткен.

1756 жылы 93 жасында Оңтүстік Қазақстан облысының Ақбұрхан ордасында қайтыс болып, Ташкент қаласында жерленді.

- Ол жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады.
- Төле бала Әнет бабаға барыпты. Жасы жүзге келіп отырған Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады.
- - Балам, мынаны сындырып көрші?
- Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.
- - Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әнет баба:
- - Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.
- Сонда Төле бала:
- - Түсіндім, баба, бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.
- - Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы,- депті.
- Төле би есімі тек Ұлы жүзде ғана емес, Орта жүз бен Кіші жүзде де аса құрметпен аталады. Бұл оның бүкіл қазақ халқының тағдырына қатысты ірі оқиғалардың ортасында жүргенінің айғағы. Бұған Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаз дауысты Қазыбек бидің «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп, жер таянып, көзіне жаб алуы да куәлік етеді. Бұл үш арысқа тірек болған үш асылдың бірінің екіншісіне берген бағасы.

Қаз дауысты Қазыбек бидің өмірі



Қазыбек би (1667-1764) - Орта жүздің “Төбе биі” атанған, шешендік сөздің майталманы, Тәуке ханның тұсында “Жеті Жарғы” әдет-ғұрып заң жинағын жасаушылардың бірі, еліміздің тарихынан мәңгілік орын алған ірі тұлға.

Қазыбек бидің беделі мен ықпалын қазақ хандары ғана емес, оның парасатты елші, дипломат екенін бағалап, 1761 жылы Қытай империясының елшілігі, 1762 жылы орыс мемлекеті әкімшілігінің өкілдері оған арнайы келіп қайтқан.

Қаз дауысты Қазыбек би - ең алдымен, асқан шешен, ақын; екіншіден, ел басқарған, дау-жанжалды әділ шешкен әділ қазы; үшіншіден, ол - халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, қоғам қайраткері.

Қазыбек би 1667 жылы туып, шамамен 1764 жылы 97 жасында дүние салса керек. Қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне жерленген.

Пайдаланған әдебиеттері:

1. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2005 – 296 б.
 2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш//Шығармалары. Алматы, 1989 ж, 137-304 б.
 3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.
 4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. 2- басылуы. – Алматы, «Санат», 1994. 272 б.
 5. Негимов Ш. Шешендік өнер. Алматы: Мектеп-1997
- 